

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» Республикалық мемлекеттік мекемесі
Жамбыл облысы бойынша филиалы



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

Маусым 2026 жыл

Тараз, 2026 ж.

МАЗМҰНЫ		Бет
	Алғы сөз	3
1	Атмосфералық ауа ластануының негізгі көздері	4
2	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
3	Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі	8
4	Жер үсті сулары сапасының жай-күйі	9
5	Радиациялық жағдайы	10
	1 Қосымша	11
	2 Қосымша	13
	3 Қосымша	15
	4 Қосымша	

Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіне қоршаған орта жай-күйіне экологиялық мониторинг жүргізу жөнінде «Қазгидромет» РМК арнайы бөлімшелерімен орындалатын жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень Тараз қаласы мен Жамбыл облысы аумағында қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, қоғам мен халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінің өзгеруі болған тенденциясының есебінен ҚР қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

1. Атмосфералық ауа ластануының негізгі көздері

Жамбыл облысы статистика департаментінің деректеріне сәйкес Жамбыл облысында тұрақты көздерден ластаушы заттардың нақты жиынтық шығарындылары 51,2 мың тоннаны құрайды. Тараз қаласы бойынша стационарлық көздерден ластаушы заттардың нақты жалпы шығарындылары 24,8 мың тоннаны құрайды.

Жамбыл облысында тіркелген автокөлік құралдарының саны 297,8 мың бірлікті құрайды (өсім 20,9 мың бірлік).

Статистика департаментінің деректеріне сәйкес, Жамбыл облысы, Тараз қаласында 36 474 жеке тұрғын үй, Жаңатас қаласында 1 439 жеке тұрғын үй, Қаратау қаласында 3 185 жеке тұрғын үй, Шу қаласында 6 650 жеке тұрғын үй бар. Қалалық елді мекендерде газбен қамтылған жалпы ауданның үлесі 100%, сумен қамтылуы 100% құрайды, ауылдық елді мекендерді газбен қамту 100%, сумен қамтуы 100 пайызды құрайды.

2. Жамбыл облысы атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Жамбыл облысының аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 қол күшімен алынатын бекеттерде және 4 автоматты станцияда жүргізіледі (1 Қосымша).

Жалпы облыс аумағында ластану 15 көрсеткішке дейін анықталады:

1) қалқыма бөлшектер (шаң) 2) РМ 2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ 10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) фторлы сутек; 9) формальдегид; 10) күкіртсутек; 11) бенз(а)пирен; 12) марганец; 13) қорғасын; 14) кобальт; 15) кадмий.

Жамбыл облысы атмосфералық ауа сапасының бақылау нәтижелері.

Тараз қаласы ауасының ластану деңгейі «көтеріңкі» деп бағаланып СИ=3,5 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=4% (көтеріңкі деңгей) болып сипатталды.

Жаңатас қаласы ауасының ластану деңгейі «төмен» деп бағаланып СИ=0,1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) болып сипатталды.

Қаратау қаласы ауасының ластану деңгейі «төмен» деп бағаланып СИ=0,1 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) болып сипатталды.

Шу қаласы ауасының ластану деңгейі «көтеріңкі» деп бағаланып СИ=4,2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=6,1% (көтеріңкі деңгей) болып сипатталды.

Кордай ауылында атмосфералық ауа ластану деңгейі «төмен» деп бағаланып СИ=0,5 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) болып сипатталды.

Нақты мәндер, сондай-ақ нормативтерден асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 1-кестеде көрсетілген.

Атмосфера ауасының ластану сипаттамасы

Көрсеткіштер	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ _{м.б} жағдайларының саны		
	мг/м3	ШЖШ _{о.т} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б} еселігі	%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
						оның ішінде		
Тараз қаласы								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,108	0,72	0,30	0,60	0	0		
Күкірт диоксиді	0,011	0,22	0,045	0,09	0	0		
Көміртегі оксиді	0,889	0,30	3,63	0,73	0	0		
Азот диоксиді	0,056	1,40	0,13	0,65	0	0		
Азот оксиді	0,033	0,55	0,11	0,28	0	0		
Фторлы сутек	0,003		0,028	3,46	4,0	87		
Формальдегид	0,002	0,43	0,008	0,40	0	0		
Күкіртсутек	0,008	0,79	0,075	1,50	0,96	3		
Бенз(а)пирен	0,0003	0,28	0,0008					
Қорғасын	0,000020	0,068	0,000054					
Марганец	0,000088	0,088	0,000192					
Кобальт	0	0	0					
Кадмий	0	0	0					
Жаңатас қаласы								
Күкірт диоксиді	0,010	0,20	0,011	0,02	0	0		
Көміртегі оксиді	0,143	0,05	0,662	0,13	0	0		
Қаратау қаласы								
Күкірт диоксиді	0,023	0,47	0,041	0,08	0	0		
көміртегі оксиді	0,006	0,002	0,26	0,05	0	0		
Шу қаласы								
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,002	0,04	0,002	0,01	0	0		
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,001	0,02	0,001	0,005	0	0		
Күкірт диоксиді	0,012	0,24	0,022	0,04	0	0		
Күкіртсутек	0,006		0,034	4,23	6,11	132		
Қордай а.								
күкірт диоксиді	0,032	0,64	0,037	0,07	0	0		
көміртегі оксиді	0,072	0,02	2,23	0,45	0	0		

Экстремалды жоғары және жоғары ластану жағдайлары (ЖЛ және ЭЖЛ):
Жамбыл облысының елді мекендерінде тіркелмеген.

2026 жылдың маусым айымен 2025 жылғы маусымды салыстырғанда Жамбыл облысындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі:


- **өзгеріссіз** — Жаңатас, Қаратау, Шу қалаларында, Қордай а.
- **төмен деңгейден жоғарылаған** — Тараз қаласында- (2 кесте).

Тараз қ. ауа ластану деңгейінің маусым айындағы динамикасы (2025–2026 жж.)

Елді мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттар ШЖШ _{м.б.} асу еселігі
	маусым 2025 ж.	маусым 2026 ж.	
Тараз қ.	Төмен СИ – 1,0 ЕЖҚ – 0%	Көтеріңкі СИ – 3,5 ЕЖҚ – 4%	күкіртсутек 3,5 формальдегид 1,5
Жанатас қ.	Төмен СИ=0,2 ЕЖҚ=0%	Төмен СИ=0,1 ЕЖҚ =0%	
Қаратау қ.	Төмен СИ=0,3 ЕЖҚ =0%	Төмен СИ=0,1 ЕЖҚ =0%	
Шу қ.	Көтеріңкі СИ=1,8 ЕЖҚ =8%	Көтеріңкі СИ=4,2 ЕЖҚ =6%	күкіртсутек 4,2
Қордай а.	Көтеріңкі СИ=0,3 ЕЖҚ =0%	Көтеріңкі СИ=0,5 ЕЖҚ =0%	

Қорытынды:

Соңғы бес жылда атмосфералық ауаның ластану деңгейі маусым айында келесідей болып өзгерді:




Графиктен көріп отырғанымыздай атмосфералық ауаның ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланып, 2025 жылы төмен деңгейді көрсетті.

Маусым айында бариқалық түзілімдердің жиі ауысуына байланысты құбылмалы ауа райы байқалды. Қысқа мерзімді жаңбыр түріндегі жауын-шашынның түсуі негізінен таулы аймақтардағы циклондар мен олармен байланысты атмосфералық фронттардың әсерінен болды. Ай бойы найзағай жиі байқалып, фронтальды бөліністердің өтуі кезінде желдің жылдамдығы 15-20 м/с-қа дейін күшейді. Екінші онкүндіктің соңында 37-42 градус аптап ыстық тіркелді. Жауын-шашынның мөлшері 14% құрады, яғни нормадан аз болды.

Маусым айында ҚМЖ (қолайсыз метеорологиялық жағдай) байқалмады.


Қорытынды:

Соңғы бес жылда Жаңатас қаласы атмосфералық ауасының ластану деңгейі маусым айында келесідей болып өзгерді:




Графиктен көріп отырғанымыздай, атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болып бағаланды.

Соңғы бес жылда Қаратау қаласы атмосфералық ауасының ластану деңгейі маусым айында келесідей болып өзгерді:




Графиктен көріп отырғанымыздай, атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болып бағаланды.

Соңғы бес жылда Шу қаласы атмосфералық ауасының ластану деңгейі маусым айында келесідей болып өзгерді:



Графиктен көріп отырғанымыздай атмосфералық ауаның ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланып, тек 2023 жылы төмен деңгейді көрсетті.

Соңғы бес жылда Қордай кенті атмосфералық ауаның ластану деңгейі маусым айында келесідей болып өзгерді:



Графиктен көріп отырғанымыздай, атмосфералық ауаның ластану деңгейі төмен болып бағаланды.

3. Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Қаратау, Тараз, Төле би) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 41,19%, сульфаттар 17,72%, кальций иондары 17,99%, хлоридтер 6,65% басым болды.

3 кестеде жауын-шашын құрамындағы жекелеген ластаушы заттардың мөлшеріне сипаттама берілген.

3 кесте

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Метеостанциядағы ең төменгі концентрация	Метеостанциядағы ең жоғары концентрация
Жалпы минералдану	Тараз МС – 31,7 мг/дм ³	Қаратау МС – 76,08 мг/дм ³
Электр өткізгіштігі	Тараз МС – 57,2 мкСм/см	Қаратау МС – 118,5 мкСм/см
рН (сутегі көрсеткіші)	Тараз МС – 6,18	Қаратау МС – 6,74
Аниондар, мг/л		
Сульфаттар (SO ₄)	Төле би МС – 7,87	Тараз МС – 9,01
Хлоридтер (Cl)	Тараз МС - 2,92	Төле би МС -3,43
Нитраттар (NO ₃)	Тараз МС - 2,18	Қаратау МС – 2,99
Гидрокарбонат тар(НСО ₃)	Тараз МС – 7,93	Қаратау МС – 40,38
Катиондар, мг/л		
Аммонии (NH ₄)	Төле би МС – 0,05	Қаратау МС -2,43
Натрий (Na)	Тараз МС – 2,10	Қаратау МС – 2,54
Калий (K)	Тараз МС – 0,84	Қаратау МС – 1,12
Магний (Mg)	Тараз МС – 0,87	Қаратау МС – 1,46
Кальций (Ca)	Тараз МС – 5,77	Қаратау МС - 13,63
Микроэлементтер, мкг/л		
Қорғасын (Pb)	Қаратау, Тараз МС, – 0,00	Төле би МС – 0,23
Мыс(Cu)	Тараз МС – 0,43	Төле би МС – 0,87
Күшән (As)	Тараз, Төле МС – 0,00	Қаратау МС – 0,15
Кадмий (Cd)	Қаратау, Төле МС-0,00	Тараз МС -0,02

4. Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасының бақылау нәтижелері

Жамбыл облысы бойынша жер үсті суларының сапасына бақылау 7 су объектісінің (Талас, Аса, Шу, Ақсу, Қарабалта өзендері, Билікөл көлі және Тасөткел су қоймасы) 12 тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 32 физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: көзбен шолу, су шығыны, су температурасы, сутегі көрсеткіші, мөлдірлігі, еріген оттегі, қалқыма заттар, ОБТ₅, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді заттар, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар.

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторинг нәтижелері.

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жер үсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» (ҚР СРИМ 04.06.2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы) (бұдан әрі – Бірыңғай жіктеме).

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

4 кесте

Су объектісінің атауы	Су сапасы сыныбы		Параметрлері	Өлш. бірлік	Концентрация
	Маусым 2025 жыл	Маусым 2026 жыл			
Талас өзені	5 сынып (өте ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	ОБТ ₅	мг/дм ³	2,53
			ОХТ	мг/дм ³	22,2
			Қалқыма заттар	мг/дм ³	61,5
			Магний	мг/дм ³	28,7
			Сульфаттар	мг/дм ³	141,5
Аса өзені	4 сынып (ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	ОХТ	мг/дм ³	29,6
Шу өзені	4 сынып (ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	ОБТ ₅	мг/дм ³	2,41
			ОХТ	мг/дм ³	24,6
			Магний	мг/дм ³	33,8
			Сульфаттар	мг/дм ³	314,0
			Жалпы темір	мг/дм ³	0,13
Ақсу өзені	4 сынып (ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	ОБТ ₅	мг/дм ³	2,30
			ОХТ	мг/дм ³	25,2
			Магний	мг/дм ³	25,3
			Сульфаттар	мг/дм ³	255,0
			Жалпы темір	мг/дм ³	0,14
Қарабалта өзені	5 сынып (өте ластанған)	4 сынып (ластанған)	Жалпы темір	мг/дм ³	0,43
			Мырыш	мг/дм ³	0,016
Тасөткел су қоймасы	4 сынып (ластанған)	4 сынып (ластанған)	ОХТ	мг/дм ³	32,9

4-кестеден көріп отырғанымыздай, 2025 жылдың маусым айымен салыстырғанда Талас өзені жер үсті су сапасы 5-ші сыныптан 3-ші сыныпқа, Аса, Шу және Ақсу өзендері жер үсті су сапасы 4-ші сыныптан 3-ші сыныпқа, Қарабалта өзені жер үсті су сапасы 5-ші сыныптан 4-ші сыныпқа ауысып, жақсарған;

Тасөткел су қоймасы жер үсті су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Жамбыл облысы су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар магний, оттегіні химиялық және биохимиялық тұтыну, сульфаттар, жалпы темір, мырыш және қалқыма заттар болып табылады.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары

Жоғары(ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

Су объектілері тұстамаларындағы сапа бойынша ақпарат 2-қосымшада көрсетілген.

3-қосымшада Билікөл көлінің жер үсті су сапасының нәтижелері бойынша ақпарат.

5. Радиациялық жағдайы

Жердегі гамма-сәулелену деңгейіне бақылау күн сайын 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізіледі, сондай-ақ атмосфераның жер беті радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау 3 метеорологиялық станцияларда (Тараз, Төле би, Шығанақ) горизонтальді планшеттер алу бес тәуліктік сынама жолымен жүзеге асырылды.

5 кесте

Көрсеткіштердің шекті мәндері

Көрсеткіштер (ШЖШ)	Максималды концентрация	Минималды концентрация
Гамма-фон (0,57 мкЗв/ч)	0,25 мкЗв/ч	0,09 мкЗв/ч
Тығыздығы (110 Бк/м ²)	2,6 Бк/м ²	1,5 Бк/м ²






Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,17 мкЗв/сағ құрады, ал орташа түсу тығыздығы 2,0 Бк/м² құрады, бұл рұқсат етілген шекті жолдан аспайды.

1 Қосымша

Жамбыл облысындағы бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын ластаушы заттар

Елді мекен	Бекеттердің мекен-жайы	Бақылау жүргізу	Анықталатын ластаушы заттар
Тараз қ.	ПНЗ №1 Шымкент көшесі, 22	қол күшімен алынатын сынама	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фторлы сутек, формальдегид, бенз(а)пирен, қорғасын, марганец, кадмий, кобальт.
Тараз қ.	ПНЗ №2 Рысбек батыр көшесі, 15, Ниятқалиев көшесінің бұрышы		
Тараз қ.	ПНЗ №3 Абай және Төле би көшелерінің бұрышы		
Тараз қ.	ПНЗ №4 Абай даңғылы мен Байзақ батыр көшесінің қиылысы		
Тараз қ.	ПНЗ №6 Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	үзіліссіз режимде, әр 20 минут сайын	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртсутек
Жанатас қ..	ПНЗ №1 учетный квартал 001, №18		күкірт диоксиді, көміртегі оксиді
Каратау қ..	ПНЗ №1 Тамды әулие көшесі, №130		күкірт диоксиді, көміртегі оксиді
Шу қ.	ПНЗ №1 Шу қалалық ауруханасының маңында		PM 2,5 қалқыма бөлшектері, PM 10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, күкіртсутек
Қордай а.	№1 ЛББ Жібек жолы көшесі, №496«А»		күкірт диоксиді, көміртегі оксиді

Жамбыл облысы бақылау бекеттері мен метеостанциясының орналасу сызбасы



**2026 жылдың маусым айындағы Жамбыл облысы жер үсті су сапасының
тұстамалар бойынша ақпараты**

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
Талас өзені	Су температурасы 16,0 – 23,0°C шегінде болды, сутегі көрсеткіші 8,20–8,30, суда еріген оттегінің шоғыры 8,02–9,16 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 2,22 – 2,85 мгО/дм ³ , мөлдірлігі 15 – 17 см құрады.	
Жасөркен а., Жасөркен а. 0,7 км жоғары, су бекеті тұстамасында	6 сынып	Қалқыма заттар – 62,0 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Солнечный к., гидро бекеттен 0,5 км төмен	3 сынып	ОБТ ₅ – 2,22 мг/дм ³ , ОХТ – 20,6 мг/дм ³ , магний – 29,2 мг/дм ³ , сульфаттар – 146,0 мг/дм ³ . Оттегіні биохимиялық және химиялық тұтыну нақты концентрациялары фондық кластан аспайды. Сульфаттардың және магнийдің нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Тараз қ., Тараз қ. 7,5 км жоғары, МАЭС тұстамасынан 0,7км ышые жоғары, су бекетінен 3,0 км жоғары	3 сынып	ОБТ ₅ – 2,71 мг/дм ³ , ОХТ – 20,3 мг/дм ³ , магний – 20,4 мг/дм ³ , сульфаттар – 133,0 мг/дм ³ . Оттегіні биохимиялық тұтыну және сульфаттардың нақты концентрациялары фондық кластан асады. Оттегіні химиялық тұтыну және магнийдің нақты концентрациялары фондық кластан аспайды.
тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен	5 сынып	Қалқыма заттар – 70,0 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Аса өзені	Су температурасы 18,0 – 21,0°C, сутегі көрсеткіші 8,25–8,30, суда еріген оттегінің шоғыры 8,03 – 8,33 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 1,74 – 1,82 мгО/дм ³ , мөлдірлігі 15 – 16 см құрады.	
Шөлдала шағын ауданы (көпір үсті) , Құмшағал а/о.	4 сынып	ОХТ – 30,5 мг/дм ³ .
Аса өз., Аса а. 500 м төмен	3 сынып	ОХТ – 28,7 мг/дм ³ , магний – 22,9 мг/дм ³ , сульфаттар – 118,0 мг/дм ³ . Оттегіні химиялық тұтыну және сульфаттардың нақты концентрациялары фондық кластан асады. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Білікөл көлі	Су температурасы – 25,0°C, сутегі көрсеткіші – 8,30, суда еріген оттегінің шоғыры – 6,84 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 11,7 мг/дм ³ , ОХТ – 52,9 мг/дм ³ , құрғақ қалдық – 1919,0 мг/дм ³ , қалқыма заттар – 59,0 мг/дм ³ , минерализация – 1980,0 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 13 см құрады.	
Шу өзені	Су температурасы 20,6 – 26,2°C шегінде болды, сутегі көрсеткіші 8,30, суда еріген оттегінің шоғыры 6,82 – 8,18 мг/дм ³ , ОБТ ₅ 2,17 – 2,64 мгО/дм ³ , мөлдірлігі 9–17 см	

	құрады.	
Кайнар а. (Благовещенское а.), Кайнар а. 0,5 км төмен: су бекетінен 65 м. төмен	3 сынып	ОБТ ₅ – 2,17 мг/дм ³ , ОХТ – 27,4 мг/дм ³ , магний – 28,7 мг/дм ³ , сульфаттар – 276,0 мг/дм ³ , жалпы темір – 0,13 мг/дм ³ . Оттегіні химиялық және биохимиялық тұтыну нақты концентрациялары фондық кластан аспайды. Сульфаттардың, магнийдің және жалпы темірдің нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Д.Қонаев а. 0,5 км төмен	3 сынып	ОБТ ₅ – 2,64 мг/дм ³ , ОХТ – 21,8 мг/дм ³ , магний – 38,9 мг/дм ³ , сульфаттар – 352,0 мг/дм ³ , жалпы темір – 0,12 мг/дм ³ . Оттегіні химиялық және биохимиялық тұтыну нақты концентрациялары фондық кластан аспайды. Сульфаттардың, магнийдің және жалпы темірдің нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Ақсу өзені	Су температурасы – 26,2°С, сутегі көрсеткіші – 8,20, суда еріген оттегінің шоғыры – 7,30 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 2,30 мгО/дм ³ , мөлдірлігі 4 см құрады.	
Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км	3 сынып	ОБТ ₅ – 2,30 мг/дм ³ , ОХТ – 25,2 мг/дм ³ , магний – 25,3 мг/дм ³ , сульфаттар – 255,0 мг/дм ³ , жалпы темір – 0,14 мг/дм ³ . Оттегіні химиялық және биохимиялық тұтыну, магнийдің және жалпы темірдің нақты концентрациялары фондық кластан аспайды. Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Қарабалта өзені	Су температурасы – 26,0°С, сутегі көрсеткіші – 8,15, суда еріген оттегінің шоғыры – 7,46 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 2,72 мгО/дм ³ , мөлдірлігі 3 см құрады.	
Баласағұн к. Қырғызстанмен шекаралас, өзен сағасынан 29 км	4 сынып	Жалпы темір – 0,43 мг/дм ³ , мырыш – 0,016 мг/дм ³ . Жалпы темірдің және мырыштың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Тасөткел су қоймасы	Су температурасы – 21,0°С, сутегі көрсеткіші – 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры – 9,11 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 2,99 мг/дм ³ , су мөлдірлігі – 16 см құрады.	
Тасөткел а., Тасөткел стансасынан оңтүстікке қарай 2,5 км, су қойма бөгенінен (оңтүстік-шығысқа) 0,5 км жоғары	4 класс	ОХТ – 32,9 мг/дм ³ .

3 Қосымша

Жамбыл облысының аумағындағы көлдердің жер үсті сулары сапасының нәтижелері

№	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	2026 жылдың маусым айына
			Билікөл көлі
1	Көзбен шолу		таза
2	Температура	°С	25,0
3	Сутегі көрсеткіші		8,30

4	Еріген оттегі	мг/дм ³	6,84
5	Мөлдірлігі	см	13
6	ОБТ5	мгО/дм ³	11,7
7	ОХТ	мг/дм ³	52,9
8	Қалқыма заттар	мг/дм ³	59,0
9	Гидрокарбонаттар	мг/дм ³	363,0
10	Кермектік	мг/дм ³	9,76
11	Минерализация	мг/дм ³	1980,0
12	Натрий + калий	мг/дм ³	468
13	Құрғақ қалдық	мг/дм ³	1919,0
14	Кальций	мг/дм ³	93,0
15	Магний	мг/дм ³	62,3
16	Сульфаттар	мг/дм ³	903,0
17	Хлоридтер	мг/дм ³	94,3
18	Фосфаттар	мг/дм ³	0,022
19	Жалпы фосфор	мг/дм ³	0,022
20	Нитритті азот	мг/дм ³	0,023
21	Нитратты азот	мг/дм ³	5,491
22	Жалпы темір	мг/дм ³	0,06
23	Аммоний ионы	мг/дм ³	0,14
24	АББЗ /СББЗ	мг/дм ³	0,03
25	Фенолдар	мг/дм ³	0
26	Мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,02
27	Су деңгейі	м	3,03

4 Қосымша

Анықтамалық бөлім

Елді-мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары (ШЖШ)

Қоспаның атауы	ШЖШ мәні, мг/м ³		Қауіптілік сыныбы
	максималды бір реттік (ШЖШ _м)	орта-тәуліктік (ШЖШ _{о.т})	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м ³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшән	-	0,0003	2
Озон (жербеті)	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3 14	0,1	2

Күкіртсутегі	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 02 тамыздағы № ҚР ДСМ-70)

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градация	Атмосфералық ауаның ластануы	Көрсеткіштер	Айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667–2005 БҚ. Әзірлеуге, салуға, баяндауға және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар.

Су пайдалану сыныптарын суды пайдаланудың санаттары (түрлері) бойынша саралау

Суды пайдалану сыныбы	Тазалау мақсаты/түрі	Су пайдалану сыныптары					
		1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып
Су экожүйелерінің қызметі	-	+	+	-	-	-	-
Балық өсіру/ихтиофаунаны қорғау	Албырт балық	+	+	-	-	-	-
	Тұқы балық	+	+	+	-	-	-
Ауыз су-шаруашылық сумен жабдықтау және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын сумен жабдықтау	Қарапайым өңдеу	+	+	-	-	-	-
	Дағдылы өңдеу	+	+	+	-	-	-
	Қарқынды өңдеу	+	+	+	-	-	-
Мәдени-тұрмыстық су пайдалану	Туризм, спорт, демалыс, шомылу	+	+	+	-	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-	-
	Тұндыру карталарын пайдалану кезінде	+	+	+	+	+	-
Өнеркәсіптік су пайдалану	Технологиялық процестер, салқындату процестері	+	+	+	+	+	-
Гидроэнергетика	-	+	+	+	+	+	+
Су көлігі	-	+	+	+	+	+	+

Тау-кен өндірісі	-	+	+	+	+	+	+
------------------	---	---	---	---	---	---	---

Ескертпе:

"+" – судың сапасы мақсатын қамтамасыз етеді;

"-" – судың сапасы мақсатын қамтамасыз етпейді.

* Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (ҚР АШМ СРК 09.11. 2016 жылғы №151 Бұйрық, оған 2024 жылғы 4 маусымдағы № 111-НҚ бұйрығымен өзгерістер енгізілді).

Радиациялық қауіпсіздік стандарты

Нормаланған мәндер	Доза шектері
Тиімді доза	Халық
	Жылына орта есеппен алғанда 1 м ³ в кез келген 5 жыл ішінде 5 м ³ в аспайды

* «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар»

Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол берілген (бұдан әрі - ШРШ) мөлшері

Заттардың атауы	Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ) топырақта мг/кг
Қорғасын (жалпы нысан)	32,0
Хром (жылжымалы нысан)	6,0

* Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 21 сәуірдегі № КР ДСМ -32 бұйрығымен бекітілген

«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ФИЛИАЛЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:
ТАРАЗ ҚАЛАСЫ
ШЫМКЕНТ КӨШЕСІ 22
ТЕЛ. 8-(7262)-31-60-81
8-(7262)-56-80-51
E MAIL: info_zmb@meteo.kz